

КМҚК №33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы



Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Сурет салу»

Тақырыбы: «Дөңгелектер»

«Ертөстік» ортаңғы тобы

Дайындаған: Жарылгасова Гулнафис Тулеугалиевна

2022 оқу жылы

Бекітілді:

Күні: 18.05.2022.

Білімберусаласы: «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу-қызметі: «Сурет салу»

Тақырыбы: «Дөңгелектер»

Мақсаты: Балаларға геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету. Байқампаздығын, ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту. Балаларды үздік сызықтарды қосу арқылы дөңгелек салуға үйрету. Балалардың қызығушылығын арттыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Құрал - жабдықтар: АКТ, тарелке суретті, қызыл түсті карандаш, тарелке үлгісі, түрлі түсті асықтар, сақиналар.

Әдіс-тәсілдер; 4К әдісі, сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету.

Тәрбиеші: - Балалар бәріміз шеңберге тұрып, бойымызды сергітіп алайық.

Шаттық шеңбер: Кәне, кәне тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Тұрсақ егер шеңберге,

Алақанды ұрайық.

Сол жақтағы балаға,

Оң жақтағы балаға,

Шапалақта, шапалақ,

Шапалақта, шапалақ.

Тәрбиеші:

Бәріміз тақтаға назар аударайық.

Бейне таспа арқылы пішіндер көрсету.

-Балалар! Біз қандай пішіндерді білеміз?

Пішіндерді атайықшы?

Сұрақ қою арқылы жауап алу

Балалар: - Дөңгелек, шаршы, сопақша, үшбұрыш.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар, Дөңгелек шаршы, сопақша, үшбұрыш оларды біз пішіндер деп атаймыз. Ендеше балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын.

Допқа өзі ұқсайтын,

Ерекше бір пішін бар.

Атын оның атаңдар. (Дөңгелек)

Ол қандай пішін балалар?

Балалар дұрыс айтасындар, дөңгелек.

Осы дөңгелек пішінге ұқсас заттарды атаңдаршы:

Балалар: - Доп, алма, машина дөңгелектері, шар, күнге ұқсайды, т.б.

Ендеше ойын арқылы оқу қызметімізді жалғастырайық. **Дидактикалық ойын:** «Пішіндерді жабамыз»

Шарты: Түрлі - түсті дөңгелек пішіндердің ашық жерін асықпен түсіне қарай жабу.

Тақтаға назар аудартып, суреттің салу жолдарымен түсіндіру.

Тәрбиеші: - Мынау не балалар?

Балалар:-Тәрелке

Тәрбиеші:-Пішіні қандай?

Балалар:-Дөңгелек.

Кәне,балалар бәріміз қолымызбен ауаға дөңгелек сызайық.

Тәрбиеші:-Балалар, тәрелкені әртүрлі әшекейлермен әшекейлеуге болады?

Гүлдермен, сызықтармен, домалақтармен.

Ендеше балалар осы тәрелкені дөңгелек пішін арқылы әшекейлеп сурет саламыз.

Тақтаға қалай салу жолдарын түсіндіреді.

Тәрелкеніңортасындөңгелекпенбезендіреміз.

Балаларсуретсалудақіріседі.

Қызылтүстіқарындаштыңұшыменүзіксызықтардықосуарқылыдөңгелекбейнесінтәрелкеніңортасынасалады.

Сызықтыңсыртынашығармайдөңгелектіңішінқызылтүстібояуменбояйды.

Сергітусәті:

Қимылдыойын: «Сақиналардыжинайық»

Шарты:Берілгендөңгелексақиналардыжіптіңбойыменжинау.

Қорытынды:

Балалардың жауаптарын қорытындылап, барлық жұмыстарын мадақтау.

Балалар салған суреттерін, алған әсерлерін көрсетіп айтады.